

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

шынымен өте маңызды. Осының арқасында олар махаббат пен қамқорлықты сезінеді және бұл олардың әл-ауқатына да жақсы әсер етеді.

Қорыта келе, зейнеткерлік жастағы адамдарға арналған саябақ аймағына талдау жасау, саябақ аймақтарының артықшылықтары және олардың зейнеткерлік жастағы адамдарға қажеттілігін анықтау.

Қолданылған дереккөздердің тізімі

1. Козлов А.Т., Бельских Н.В., Козлов Н.А. Особенности экологического кризиса в промышленном городе и механизм его преодоления // Вестник ВГУ, серия Химия. Биология. Фармация. – 2014, № 1. С. 56–60.
2. Исаев А.С., Коровин Г.Н. Актуальные проблемы национальной лесной политики. М.: Левко/Центр экологической политики России, 2009. 108 с
3. Нагибина, И. Ю. Значение парковых зон для жителей городской среды / И. Ю. Нагибина, Е. Ю. Журова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2014. – № 20 (79)

ОӘЖ 004.774.6

ВЕБ САЙТ ЖӘНЕ САЙТ ТҮРЛЕРІ

Уалиева Дана Ерланқызы

dualiyeva7@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының

5 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.М. Тусупбекова

Веб-сайт, логикалық байланысты веб-беттердің жиынтығы ретінде немесе жай ғана бір бет. Сайт беттері Интернетте НТТР немесе https протоколдары арқылы қол жетімді. Веб-сайттың интернетте өз орны бар, оны әр сайт үшін жеке мекен-жай анықтайды, немесе әдетте URL деп атайды. Кез-келген веб-сайттың иесі бар, оның иесі жеке тұлға да, заңды тұлға да бола алады. Қазіргі уақытта адамдар көптеген ақпаратты білуді, жаңа білімді үйренуді ұнатады. Қазір адамдар өмірде септігін тигізетін кез келген ақпаратты бағалайды. Сондықтан, қазіргі уақытта интернет кез келген ақпаратты таба алады және қысқаша, түсінікті сипаттай алады. Интернет сипаттайтын ақпаратты түсіну үшін бізге фотосуреттер мен бейнелерді көрсетеді. Технология күн санап өзгеру үстінде, бүгінгі таңда газеттер мен журналдардың баспа өнімдері өзекті болмауда. Қазір барлығы интернет арқылы мағұлмат ала алады. Бүгінгі таңда әрбір компанияға веб-сайт қажет, компанияның веб-сайтының болуы өзектілігі мен сенімділігін сипаттайды. Веб-сайт фирманың сапасын жақсарту үшін қажет, аудиторияға компания туралы өнім ақпаратын сипаттауы үшін бұл веб-сайт өте маңызды, өйткені ақпарат оңай қол жетімді болады. Интернетте әр түрлі функциялар бар сайтың көптеген түрлері бар. Сайттар екі түрге бөлінеді: коммерциялық немесе коммерциялық емес болып. Жұмыс істейтін және веб-сайты бар бизнес коммерциялық өкілдік болып табылады. Интернет-сауда онлайн бизнес саласы коммерциялық емес нысан болып табылады [1].

Сайттардың 4 түрі бар:

- Ақпараттық сайт
- Сайт визитка
- Электрондық дүкендер сайтты (Landing)
- Корпоративтік сайт

Ақпараттық сайт – мұндай сайттарда сауалнама, дауыс беру бар. Ақпараттық сайттың қасиеттері сайттар ақпаратты жылдам есте сақтау үшін дизайнға ие тез арада әрі ынғайлы навигацияға ие. Ақпараттық сайт белгілі бір мақсатты аудиторияға арналған танымдық


ақпарат, белгілі бір тақырыпты, жаһандық мәселелерді ашатын сайт. Мұндай сайттарда мәтіндермен фотосуреттерді орналастырудың белгілі бір иерархиялық құрылымы бар, өйткені көптеген ақпарат бар. Ақпараттық сайт адамдарға мәселелерді шешуге және олардың сұрақтарына жауап табуға көмектеседі. Сайттың мұқабасында басты бетте жеңілдіктер туралы ескерту бар, акциялар мен жаңа тауарлар. Сайттың соңында контактілер мен әлеуметтік желілер жазылған. Интернет дүкен танымал, себебі ол кез келген жерден, кез келген уақытта қол жетімді.

Визитка сайты жарнама ретінде жұмыс істейді, компания мен тауарлар туралы ақпарат орналастырылған. Визитка веб сайттын пайдалану және жасау сайты болып саналады (Сурет 1). Бұл сайттың мақсаты компанияның қызметін қысқаша сипатталады. Міндетті ақпарат телефон нөмірі мен электрондық поштаны көрсету болып табылады. Визитка сайтының көптеген артықшылықтары бар. Егер сайттардың басқа түрлерімен салыстырар болсақ, онда визитка сайты барлық қызметтер үшін және барлық пайдаланушылар үшін ең қолайлы нұсқа болып табылады. Визитка сайты 3-4 күнде тез әзірленеді, өйткені оның ішінде аз ақпарат бар, бірақ сайттағы барлық ақпарат маңызды. Ең маңызды артықшылықтығы ыңғайлы пайдалану. Сайттағы барлық маңызды ақпарат, бір бетте пайдаланушылар уақытын жоғалтпайды, сайттағы әртүрлі белгішелерге өтпейді [2].



Сур. 1 концерт билеттері жайлы визитка сайты

Лендинг – бұл веб сайт, мақсатты аудиторияны арттыру үшін арнайы жасалан компанияның парағы. Бұл адамдарды бір нәрсенің сайтың алуға немесе жазып тарататын ұзақ бір беттік сайт (Сурет 2). Кәдімгі сайттан ерекшелігі маркетингтік мақсатпен, қызметтер мен тауарларды сатумен жасалады.



Сур. 2 Лендинг сайты дизайн

Корпоративтік сайт – бұл компания туралы ақпарат береді. Пайдаланушыларға мүмкіндіктер туралы айту, мақсаттар мен шолулар. Мұндай сайтты орта және ірі бизнес пайдаланады. Корпоративтік веб-сайттың белгілі бір тұжырымдамасы бар, бренд стилі бойынша жасалған. Сайт бұл интернеттегі бір немесе бірнеше бет. Сайт бір ақпарат пен толық сипаттамаға арналған. [3].

Сапалы веб-сайтты әзірлеу үшін веб-дизайнер тәжірибелі болуы керек және көптгене мүмкіндіктерді білуы қажет. Веб дизайнер түймелердің логикалық орналасуын білуі керек, сайтқа сәйкес түсті таңдап, компанияның фирмалық стилін ұстануы керек. Сайттың болашақ дизайны сайттың құрылымына байланысты, сондықтан сайтты пайдалану ыңғайлы болуы тиіс. Бүгінгі таңда сайттың дизайны біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады, сайтты әзірлеу кезінде фонға назар аударылады, сайтта фон жарқын болмауы шарт. Әдетте, ашық түстер адамның тітіркенуін тудырады, пайдаланушы сайттан тезірек шыққысы келеді. Пайдаланушыны сайтта қызықтыру үшін ашық емес түстер палитрасын қолданылады, содан ғана пайдаланушыға қарау жағымды болады.

Сайттың қол жетімділігі мен ыңғайлылығына түстер палитрасы әсер етеді. Пайдаланушыға навигацияны ыңғайлы пайдалану үшін түймелер жағымды түсте болуы керек. Веб сайт үшін қарама қарсы түстерді қолдануға болады, сондықтан негізгі мәтінді, негізгі ақпаратты білдіру тиімді саналады. Сәйкес қарама-қарсы түстерді теңдеу үшін, түс шеңберін қолдану керек, яғни алдымен түс шеңберіндегі белгілі бір түсті, содан кейін қарама-қарсы жақтығы сәйкес түсті таңдау керек [4].

Әр сайтта түстер палитрасы болуы керек. Сайттағы әрбір түс адамның ақыл ойы мен көңіл күйіне мықты әсер етеді. Егер сайтта жағымды эмоциялар тудыратын жағымды түстер болса, пайдаланушылар оны жақсы көреді және қызығушылық артады. Сондықтан түс палитрасын сайт үшін дұрыс таңдау қажет болады, сайтты қандай түсте жасау керектігін түсіну шарт, алдымен сайттың мақсаты қанай екенін және пайдаланушылар сайтқа қандай жастағылар кіретін түсіну керек және түс сайттың тақырыбына, ақпаратқа байланысты. Мысалы, егер сайт жас ерекшелітеріне сәйкес жасалса, онда түстер байыпты және қаріп үлкен болуы керек. Ал егер сайт жас санатынан кіші адамдарға сату қызметіне арналған болса, онда түс ашық болады. Сайтты дамытудағы ең маңызды нәрсе бұл – құрылым. Құрылым сайтты пайдаланушыларға ыңғайлы және жағымды етеді. Құрылым – бұл бір бірімен өзара әрекеттесу үшін сайт беттерін құру. Сайт құрылымы пайдаланушыларға ақпаратты тезірек табуға көмектеседі. Сайттың сызықтық құрылымы жеңіл және қарапайым. Бұл құрылымда бір бет бір-біріне тегіс өтеді. Пайдаланушыға мұндай құрылымды пайдалану ыңғайлы, себебі ол жеңіл және навигацияға ыңғайлы. Бұл құрылым сайтта, қону алаңдарында, презентацияларда қолданылады. Сызықтық құрылымның негізгі міндеті сайттың басынан соңына дейін қызығушылық тудыру арқылы пайдаланушыны тарту болып саналады [5]. Бұл құрылымда әр беті бірдей, тек басты бет өлшемі бойынша ерекшеленеді. Мұндай құрылымда сайт блоктар бойынша жасаған, әр блок бір біріне жақын орналасқан. Мұндай сайт құрылымы сирек қолданылады, өйткені оны дамыту қиын. Блок құрылымы өз өнімін сипаттайтын сайттар үшін қолайлы, әр блокты өнім туралы ақпарат бар. Бұл құрылым тақырыптарға ыңғайлы, әрбір ақпарат жеке блокта және басқа ақпаратқа алаңдамайды. Сайттың дұрыс құрылымы үйлесімділігін білдіреді. Сайт элементтерден тұрады, әр элемент көрінуі және үйлесімді болуы керек, ол үшін иерархиялық жүйе қолданылады. Иерархиялық құрылымда сайт маңыздылығы бойынша топтарға бөлінеді бұл оның ерекшелігі. Сайт құрылым пайдаланушылар үшін маңызды [6].

Прототип – бұл болашақ сайттың бастапқы үлгісі, визуалды сайт моделі. Прототипте сайтқа кіретін элементтер мен мәтін көрсетіледі. Прототип сайтты дамытудың бастапқы кезеңінде жасалады. Прототип қысқа мерзімде әзірленеді, уақытты үнемдейді, өйткені бұл сайттың эскизі саналады. Прототипте сайттың әртүрлі нұсқаларын салуға болады. Прототип сайт бойынша дайын жұмыс 60-70% береді, 100% сайт жұмыс істеп тұрған кезде. Прототиптің ерекшеліктері бар:

- Визуализациялау, нысандарды орналастыру

- Сайт құрылымын құру
- Жұмыс уақытын анықтау, қателерді түзету және уақытты үнемдеу [7].

Қазір көптген прототиптік бағдарламалар бар, мысалы Figma прототип пен сайт дизайнын әзірлеу үшін жасалған бағдарламалар бар, мысалы Figma сайттар мен қосымшаларды әзірлеуге арналған графикалық бағдарлама, веб сайттарды, қосымшаларды бірлесіп жобалауға арналған редактор. Adobe Experience Design бұл графикалық бағдарлама, оны пайдалану оңай және қаріп пен түсті өзгертуге мүмкіндік береді. Прототиптер мен анимациялық элементтерді құру функциясы. Бұл бағдарлама прототипті жандандыра алады және ыңғайлы. Кемшіліктері бірнеше түрі бар, мысалы, файларды сақтау мәселелері, әрбір берілген нысаннан кейін файлды өз бетінен сақтау керек, себебі бағдарламады автосақтау функциясы жоқ [8]. Adobe Experience Design әр адам жүктей алмайды, бағдарлама тек жаңа компьютерлерді қолдайды және үнемі жанартуды қажет етеді

Модульдік тор бұл сайтты жобалау құралы, ол сайт нысандарын тегіс сызыққа орналастыруға және көзбен жақсартуға көмектеседі. Сайт блоктардан тұрады, әр блокта мәтін, фотосурет мазмұны бар. Пайдаланушыға сайтты пайдалану ыңғайлы болуы үшін әр блокқа модульдік торды қолдануға керек болады. Модульдік тор сайтты үйлесімді етеді және ретке келтіреді, симметрияны сақтауға көмектеседі (Сурет 3). Модульдік тор сайттың негізі болып табылады сонымен қатар, тұтастығы үшін қажетті қаріпті таңдауға көмектеседі [9]. Сайтты пайдаланушыға қызықты ету үшін сайттың ақпараты мен дизайны маңызды. Модульдік тор сайтқа қызығушылық тудыруға көмектеседі, сондықтан сайттағы ақпарат есте сақтау оңай, ол дұрыс орналастырылуы және құрастырылуы керек. Композиция кез келген дизайндағы ең маңызды элемент және композиция дизайнды көрнекі түрде жақсартуға көмектеседі. Модульдік тор сайттың кез келген көлеміне қолданылады, егер сайтта көптеген ақпарат болса, модульдік тор дұрыс композиция жасауға көмектеседі, бұл сайттағы әр нысанды ұйымдастыруға көмектеседі.



Сур. 3 Модульдік тор

Модульдік тордың тік және көлденең бағыты бар, модульдік тор үш топқа бөлінеді. Блоктық модульдік тор – бұл веб-сайт кеңістігінің қарапайым көрінісі. Модульдік тордың блоктық көрінісі ең қарапайым болып табылады және де әртүрлі мазмұн болуы мүмкін, мысалы, мәтін немесе сурет. Иерархиялық модульдік тор – блоктардың өлшемдері мен орналасуы әртүрлі болуы мүмкін. Интернет пайда болғанға дейін адамдар модульдік торды математикалық шығындар мен басқа да функциялар үшін қолданды, қағаз материалы бірдей болуы үшін кітап басып шығару үшін пайдаланылған болатын [10].

Сайт ақпараттық, білім беру және коммерциялық мақсаттар үшін қажет екенін дәлелдейді. Сайттарда модульдік тордың дизайны мен ережелерін, симметрияны және түстер палитрасын сақтау маңызды. Сайт адамдарды байланыстыруға көмектеседі, бұл сайт пайдаланушылары үшін ыңғайлы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. https://neumeika.ru/zachem_nuzhen_sajt.html
2. <https://www.w-polis.ru/blog/articles/chto-takoe-web-sajt/>
3. <https://drozd.red/glossary/veb-sajt/>
4. Джон Дакетт: «HTML и CSS. Разработка и дизайн веб-сайтов»
5. Миронов Д.Ф. Компьютерная графика в дизайне. СПб.: БХВ, 2008. 498 с.
6. Ньюарк К. Что такое графический дизайн? М.: Астрель, 2005. 256 с.
7. <https://semantica.in/blog/chto-takoe-veb-sajt.html>
8. <https://www.seonews.ru/glossary/veb-sajt/>
9. <https://utex.ru/chto-takoe-veb-sajt/>
10. https://www.alkosto.ru/blog/chto-takoe-sajt/?utm_referrer=https%3A%2F%2Fwww.google.com%2F